

2022 жылдың қыркүйек айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Қыркүйектің бірінші онкүндігінде негізінен жаздық дәнді дақылдар егісінің пісіп жетілуі үшін қолайлы жағдайлар қалыптасты, алайда Қазақстанның негізгі астық егетін аймағының басым аумағында жауын-шашынның түсуі байқалды, бұл егін жинау жұмыстарының қарқынын төмендетті.

Барлық егістіктерде «астықтың толық пісуі» кезеңі байқалды. Егістің жай-күйі жақсы, негізінен Павлодар облысының жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық, онда нашар егістер де байқалады.

Оңтүстік облыстарда Алматы облысының тау бөктеріндегі аудандарын қоспағанда, жаздық дәнді дақылдарды жинау аяқталған.

Жылу сүйгіш дақылдардың (жүгері, қант қызылшасы, соя, мақта) жай-күйі өте жақсы және жақсы. Жүгеріні жинауға және күріш чектерінен суды жіберуге бастады.

Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарының картоп отырғызылған учаскелерінде «пәлектердің солуы» кезеңі байқалады, өсімдіктердің жай-күйі өте жақсы және жақсы, барлық жерде картоп өнімін жинауға кірісті.

Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстарының бақылау учаскелеріндегі күнбағыста «пісу» және «жинауға дайын пісуі» фазалары байқалады. Күнбағыстың жай-күйі негізінен жақсы, кей жерлерде өте жақсы, Павлодар облысының жекелеген учаскелерінде қанағаттанарлық.

Елдің оңтүстігінде жоңышқа шөптерінің дақылдарында «2 және 3-ші шабудан кейінгі өсуі» кезеңі байқалады.

Өткен онкүндікте мал жаю барлық жерде жүргізілген. Шөптерді жинау, жеткізу және маялау жалғасуда, Алматы облысының Балқаш ауданында және Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында қойларды қыркуға кіріскен.

Жайылымдық мал шаруашылығының басым аумағында шөптің қанағаттанарлық және жақсы болуы, Алматы облысының Жамбыл ауданында шөптің нашар болуы, таулы аймақта және Алматы облысының Балқаш ауданында шөптің өте жақсы болуы байқалған.

Жайылымдар орташа және әлсіз тапталған. Қарағанды облысының Шет ауданында және Қызылорда облысының Қармақшы ауданында жайылымдар тапталмаған. Алматы облысының Жамбыл ауданында, Жамбыл облысының Талас ауданында және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдық жерлер қатты тапталған.

Топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры Жамбыл облысында қанағаттанарлықтан оңтайлыға дейін, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Түркістан және Алматы облыстарында жеткіліксіздіктен оңтайлыға дейін және Павлодар мен Шығыс Қазақстан облыстарында жеткіліксіз болып қалыптасқан.